

"Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 210 Қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 34-бабының 4-тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Қоса беріліп отырған "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 7

н а у р ы з д а ғ ы

№ 2 1 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Қазпочта" акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспары

Астана қаласы, 2006 жыл

Мазмұны

1. "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамуының жай-күйі және перспективалары туралы баяндама
 - 1) К і р і с п е
 - 2) Р ы н о к т ы т а л д а у
 - 3) 2003-2005 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметін талдау
 - 4) "Қазпочта" акционерлік қоғам өткізетін, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясына (бұдан әрі - Стратегия), мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес өткізілетін іс-шаралар оларды шағын және орташа бизнестің бәсекелі ортасына беру үшін профильді емес функцияларын анықтау

5) Дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспары, 2006 жылды атап

к ө р с е т у

Ма қ с а т ы және м і н д е т т е р і

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау "Қазпочта" акционерлік қоғам жоспарлап отырған Стратегияны, оларды шағын және орташа бизнестің бәсекелі ортасына беру үшін профильді емес функцияларын анықтауға байланысты мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар Өнімнің өндірісін (табиғи және ақшалай көрсетілген жұмыстар, қызметтер) дамыту серпіні

Күрделі салымдардың көлемі

Ө з і н д і к құ н құ р ы л ы м ы

Қоршаған ортаны қорғау және еңбектің қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі іс-шаралар

Бағалық және тарифтік саясат және оның негіздемесі

Ә ле у м е т т і к с а л а н ы да м ы т у

К а д р л ы қ с а я с а т

Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынасы, оның ішінде болжамдалған түсімдер

Қызмет көрсететін банктермен өзара қарым-қатынасы

2. "Қазпочта" акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарламасы

1) Саладағы инвестициялық жағдайды бағалау

2) Инвестициялық басымдылық және бағыттары

3) "Қазпочта" акционерлік қоғамының инвестициялық даму жоспары

3. "Қазпочта" акционерлік қоғамды дамытудың аса маңызды көрсеткіштерін болжау

1. "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамуының жай-күйі мен перспективалары

1) Кіріспе

Осы "Қазпочта" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) дамыту жоспары " Почта туралы " Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына, " Байланыс туралы " Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына, " Табиғи монополиялар туралы " Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына, " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына, " Акционерлік қоғамдар туралы " Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1077 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының почта-жинақ жүйесін дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Осы "Қазпочта" акционерлік қоғамын дамыту жоспарында 2006-2008 жылдарға арналған мақсаттар мен міндеттер айқындалған, қызметінің қол жеткізген нәтижелеріне сүйене отырып, оларға жету жолдары жоспарланған, сондай-ақ алдағы кезеңге Қоғам дамуының қаржылық көздері белгіленген.

Қоғамның миссиясы Қазақстанның барлық аумағында жоғары сапалы деңгейде почта-жинақ қызмет көрсетулеріне еркін қол жетімдікті қамтамасыз етуден тұрады.

"Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1940 қаулысына сәйкес 903,66 млн. теңге сомасындағы жалпы капиталмен тіркелген, мемлекет 100% қатысатын "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамы құрылды. Акционерлеу қызметтің пайдаланымдық және жоспарлау-экономикалық салаларында дербестігін кеңейтуді, өңірлік желілерді дамыту және жаңғырту үшін инвестициялар тартуды қамтамасыз етті.

Қоғамның құрылтайшысы болып Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі табылады. Құрылған күнінен бастап (2000 жылғы 7 қаңтар) және 2001 жылғы 10 мамырға дейін Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы "Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысына толықтырулар енгізу туралы" N 621 қаулысымен мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне, ал Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысымен Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне берілді.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1386 қаулысының 1-тармағына сәйкес Қоғам заңды тұлға, дара құрылтайшы және Қоғамды соңынан жекешелендіру құқығынсыз мемлекет болып табылатын қатысушы ретінде Қазақстан

Республикасының Ұлттық операторы анықталды.

Қоғамның бастапқыда құрылған жарғылық капиталы ғимараттар мен құрылыстар түрінде қалыптасқан. Қиын қаржылық жағдайда қаржының болмауы Қазақстанның почта саласының тұрақтану процесі мен почта-жинақ жүйесінің қалыптасуын қиындатты. Қалыптасқан жағдайдан шығу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстанда почталық байланыс бөлімшелерінің бөлшек сауда желілерінің базасында почта-жинақ жүйесін құру туралы шешім қабылданды, соған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы қаржыландыру көздері ретінде Ислам Даму Банкін қарастыратын, N 1716 қаулысымен бекітілген, 2000-2003 жылдарға арналған почта саласын дамыту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру Бағдарламасы қабылданған болатын. Оны жүзеге асыру мақсатында 2003 жылғы 2 қыркүйекте Ислам Даму Банкі мен "Қазпочта" акционерлік қоғамы арасында мемлекеттік кепілдікпен 9 млн. АҚШ доллары көлемінде заем беру туралы Келісімге қ о л қ о й ы л д ы .

Соңынан Қоғамның материалдық-техникалық базасын жетілдіру мақсатымен республика бюджетінен Қоғамның жарғылық капиталын арттыру үшін 2002 жылы 643,1 млн. теңге және 2004 жылы - 400 млн. теңге сомасында қаражат бөлінген болатын. Почта-жинақ жүйесінің әрі қарай дамуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1077 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының почта-жинақ жүйесін дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Бағдарламасымен анықталған, ол 2005-2007 жылдары Қоғамның жарғылық капиталын толықтыруға жалпы сомасы 5778,4 млн. теңгеге республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылатын болады, оның шеңберінде 2005 жылы Қоғамның жарғылық капиталы 1444,7 млн. теңгеге көбейтілді.

Қоғамның инвестициялық ресурстарға қолжетімділігін кеңейту мақсатымен 2005 жылы "Standard & Poo's International Servicer, Inc" компаниясымен "BB+", "Тұрақты" болжам ұлттық және шетел валютасында міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді несиелік рейтингтер берілді. Қазақстан ұлттық шәкіл бойынша "kzAA-" рейтингі б е р і л д і .

Қазіргі уақытта Қоғамда 1-ші деңгейі облыстық филиалдарды тікелей басқаруды, почтаның жұмысын республикалық деңгейде ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыратын және почтаны халықаралық деңгейде білдіретін орталық аппараттан тұратын үш деңгейлі (1-схема) басқару жүйесі жұмыс істейді.


2-ші деңгейге 14 облыстық филиал, "Алматы почтамты" Алматы филиалы, "Астана почтамты" Астана филиалы, "Республикалық арнайы байланыс қызметі" (бұдан әрі - РАБК) филиалы, "Алматы почта тасымалдау бөлімшесі" филиалы, "Астана қ. почта тасымалдау бөлімшесі" "Почтажабдықтау" филиалы.

3-ші деңгейді облыстық филиалдарға бағынатын және қалалар, аудандар аумақтарында почта жөнелтімдерінің барлық түрлерін қабылдауды, өңдеуді,

тасымалдауды және табыс етуді қамтамасыз ететін почта байланысының 19 қалалық торабы (бұдан әрі - ҚПБТ) мен почта байланысының 155 аудандық тораптары (бұдан әрі - АПБТ) құрайды. Облыстық филиалдар, ҚПБТ және АПБТ 592 қалалық (бұдан әрі - ҚПББ) және 2568 селолық почта байланысы бөлімшелерінің (бұдан әрі - АПББ), сондай-ақ 298 почта байланысы пункттерінің (бұдан әрі - СПБП) қызметін басқаруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады.

1-схема

"Қазпочта" АҚ басқару құрылымы



592 қалалық	19 Қалалық	155 Аудандық	2568 Ауылдық	298	
почталық	почталық	почталық	почталық	Почталық	
байланыс	байланыс	байланыс	байланыс	пункттер	
бөлімшесі	торабы	торабы	бөлімшелері		

Орталық аппараттың құрылымы қызметтерінің функционалды бағыттылығы ескерілген бөлімшелерден құрылған және де жеті департамент, сегіз басқарма, екі бөлім мен екі қызметтен тұрады (2-схема). Орталық аппарат құрылымы табыстылық орталығы (өндіріс қызметін үйлестіруші бөлімше) мен қолдау орталығынан (басқарушы және қызмет көрсетуші бөлімше) тұрады.

Қоғам қызметінің мамандануын ескере отырып, табыстылық орталығына мынадай қызмет түрлерін үйлестіруші бөлімшелер жатқызылған: почта байланысы және филателия қызметкерін көрсету; почтаны тасымалдауды ұйымдастыру; қаржылық және агенттік қызметтерді көрсету, сонымен қатар активтер мен пассивтерді басқару.

2-схеманы қағаз мәтіннен қараңыз

Қолдау орталығы мемлекеттік бағалы қағаздар рыногындағы қызмет, олардың өтімділігін бақылау және актив пен пассивті басқару; ақпараттық жүйенің қызметін бақылау, бағдарламалық өнімді әзірлеу және енгізу; бюджеттік жоспарлау және оның орындалуын бақылау, еңбек мәселелері, стратегиялық жоспарлау және маркетинг; Қоғамның қаржы есептілігі мен есептілік саясатын қалыптастыру; құқықтық және құжаттық қамтамасыз ету; өңірлік бөлімшелердің субкорреспонденттік есебін жүргізу; халықаралық почта айырбасы үшін өзара есеп айырысуды жүргізу; почта қауіпсіздігін қамтамасыз ету; шетел почта әкімшіліктері және ұйымдарымен ынтымақтастық; қаржы-шаруашылық қызметінің аудиты.

Қоғамның басқару жүйесі басқару субъектілерінің төменгі буыны жоғарғы буынына бағынушылығына негізделген иерархиялық жүйе болып саналады. Басқарудың жоғарғы органы дамытудың басымдықтары мен стратегиялық бағыттарын белгілеу негізінде жалпы Қоғамды басқаруды қамтамасыз етеді. Басқару ықпалы экономикалық даму міндеттерін ең тиімді жолмен жүзеге асыру бойынша барлық басқарылатын ішкі жүйе қызметін үйлестіруге бағытталған, тиісті шешімдер түрінде тұжырымдалады.

Қоғам мемлекеттік органдардың тарапынан басқару объектісі бола тұра өз құрамына кіретін филиалдар, құрылымдық бірліктер мен бөлімшелерге қатысты басқару міндеттерін жүзеге асырады. Осы деңгейде міндеттерді нақтылау жүзеге асырылады, сондай-ақ компанияның объектілерін, процестері мен ресурстарын басқарудың жедел-өндірістік жүйесі қалыптастырылады. Филиалдардың заңды тұлға ретінде құқықтары жоқ, бірақ оларға өз өндірістік міндеттерін орындау үшін жеке балансында және Қоғам балансында есептелген мүліктер үлесіне берілген.

Сонымен компания қызметінің ерекше әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, тандалған басқару моделі қажетті шұғыл-шаруашылық дербестігін қамтамасыз етеді,

2000 жылға дейін әлеуметтік төлемдер рыногында Халықтық жинақ банкі басым үлеске ие болып келді. Қазіргі уақытта оның үлесі 51%-ды құрайды, ал Қоғамдікі - 47% . Республиканың ауылдық елді мекендерінде төлемдердің 100% Қоғам жүргізеді.

Осылайша, Қазақстанның почта-жинақ қызмет көрсету рыногы тек қана қала деңгейінде ғана жоғары бәсекелестікпен сипатталады. Селолық жерлерде Қоғам почта және қаржы қызмет көрсетулер рыногының жалғыз қатысушысы болып табылады.

Қ о ғ а м н ы ң к л и е н т т е р і :

х а л ы қ ;

м е м л е к е т т і к о р г а н д а р ;

б ю д ж е т т і к ұ й ы м д а р ;

к о м м е р ц и я л ы қ қ ұ р ы л ы м д а р ;

шетел өкілдіктері, елшіліктер мен Қазақстан аумағындағы жеке шетел тұлғалары.

3) 2003-2005 жылдың өндірістік-қаржылық қызметін талдау

2003 жылдың қорытындылары бойынша Қоғаммен қабылданған жазба хат-хабарлар саны 16,2 млн. құрады, қабылданған сәлемдемелер саны 1,2 млн. сәлемдемені және жеткізілген мерзімді басылымдар - 129,5 млн. бірлікті құрады. 2004 жылы Қоғаммен қабылданған жазба хат-хабарлар саны 32,8 млн. құрады, бұл шығыс жазба хат-хабарларына жарнама жөнелтімдері мен хабарламаларды енгізуді қарастыратын, статистикалық есептің халықаралық стандартқа өтуінің арқасында 2003 жылмен салыстырғанда деңгейі 2 есе асты. 2004 жылы қабылданған сәлемдемелердің саны 1,5 млн. сәлемдемені немесе 25,0%, мерзімді басылымдар - 156,9 млн. бірлікті немесе 21,2 % құрады .

Қоғаммен 2005 жылы 2003-2004 жылдары белгіленген ақылы алмасудың өсу тенденциясын сақтау, сондай-ақ зейнетақы мен жәрдемақыларды және почталық ақша аударымдарын төлеу жоспарлануда.

2005 жылы шығыс ақылы айналым көлемінің 2004 жылдың деңгейіне қарағанда 4,2% өсуі күтілуде, оның ішінде: жазбаша хат-хабарлардың көлемдерін 2,1%; мерзімді басылымдардың көлемі - 5,2%; ақша аударымдарының көлемі - 2,3%, сәлемдемелер - 1,3%; зейнетақы және жәрдемақы төлеу көлемі - 0,5%; жедел почта қызметтері - 2,9% (1-кесте).

1 - к е с т е

Шығыс ақылы айналымының серпіні

Р/с N	Атауы	2003 жылғы есеп	2004 жылғы есеп	2005 жылғы бағалау	2004 жылға шаққанда 2005 жылы %
1	Шығыс ақылы айналымының саны (млн. бірлік), оның ішінде:	167,50	213,33	222,28	104,20
2	жазбаша хат-хабарлар	16,20	32,8	33,5	102,13

3	сәлемдемелер	1,20	1,50	1,52	101,33
4	мерзімді басылымдар	129,5	156,9	165,0	105,16
5	жедел почта қызмет көрсетулері	0,32	0,35	0,36	102,86
6	зейнетақы мен жәрдемақылар төлеу	19,50	20,9	21,00	100,48
7	ақша аударымдары	0,78	0,88	0,90	102,27

2003 жылы аудандық мәндегі қалалар мен селолық өңірлерде зейнетақы, жәрдемақыларды және атаулы әлеуметтік көмекті дербес төлеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру шеңберінде 2003 жылы 19,5 млн.теңгенің зейнетақысы мен жәрдемақылары және жалпы сомасы 93,6 млрд. теңгенің атаулы әлеуметтік көмегі таратылды, бұл 2004 жылы сәйкес 20,9 млн. жалпы сомасы 115,1 млрд. теңгеге, ал 2003 жылдың нақты орындалуымен салыстырғанда 23,6% жоғары. Қалыптасқан үрдіс Қоғамның осы бағытта өз қызметін жандандыру жөніндегі тапсырмаларды іске асыруда оң нәтижелерге қол жеткізіп отырғандығын сипаттайды. 2004 жылдан бастап Қоғамға аудан орталықтарында және селолық жерлерде зейнетақыларды және жәрдемақыларды тарату жөніндегі функцияларды кезең-кезеңмен өткізіп беру жоспарланып отыр. Осылайша, 2005 жылы 21,0 млн. бірлік мөлшеріндегі 143,1 млрд. теңге сомасында зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу жоспарланып отыр, бұл 2004 жылдың көрсеткішінен 24,3% және 2003 жылмен салыстырғанда 52,9% жоғары.

2003 жылы қабылданған почталық ақша аударымдары 0,78 млн. бірлікті құрады, бұл 2004 жылы - 0,88 млн. бірлікті құрады, яғни 2003 жылдың деңгейінен 12,8%-ға асып, жалпы сомасы 5,98 млрд. теңгені құрады. 2005 жылы қабылданған почталық ақша аударымдарының мөлшерін почталық ақша аударымдары сомасын 0,3% өсіру арқылы 0,9 млн. бірлікке жеткізу жоспарлануда.

Сонымен ақылы алмасу көлемінің құрылымы былай сипатталады: мерзімді басылымдарға жазылу және сату - 74,2%, жазба хат-хабарлар - 15,1%, зейнетақы және жәрдемақы төлеу үлесі - 9,4%, сәлемдемелер - 0,7%, ақшалай аударымдар - 0,4%, жедел почта қызметтері - 0,2%.

2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда қаржылық операциялардың көлемі ұлғайды: көлденең ұйымдарға төленген жалақы - 35,6%, қабылдап алынған коммуналдық төлемдер - 2,9 есе. 2005 жылы көлденең ұйымдарға төленген жалақының көлемін 42,5 млрд. теңгеге, бұл 2004 жылмен салыстырғанда деңгейі 20,7% жоғары; қабылданған коммуналдық төлемдерді - 35,0 млрд. теңгеге және сәйкес 7% дейін жеткізу күтілуде.

2003 жылы заңды тұлғалардың 1340 жаңа шоттары ашылды, 2004 жылы - 1719 бірл. 2005 жылы 820 бірлік заңды тұлғалардың шоттары ашылды және 2005 жылдың 1 қазанына дейінгі жағдайына шамамен 4728 бірлікті құрады. Қолданған шаралар Қоғамға саны көбейген клиенттерге аумақтық шеңберде және сапа көтеру шеңберінде кеңейтілген қаржылық қызметтер кешенін ұсынуға мүмкіндік берді.

2005 жылдың 1 қаңтарына дейінгі жағдайына Қоғамның депозиттік базасы - 1381 млн. теңгені, 2004 жылы - 2037,1 млн. теңгені құрады, яғни 2003 жылмен салыстырғанда 1,2 есе өсті.

Тиімді жұмыс істейтін отандық почта-жинақ жүйесін қалыптастыруға бағытталған қызметті жандандыру нәтижесінде, компанияның қаржылық жағдайы тұрақталды. (2-кесте)

2 - к е с т е

2003-2005 жылдарға қаржылық-өндірістік қызметтің негізгі көрсеткіштері

(млн.теңге)

P/c N	Баптың атауы	2003 ж. есеп	2004 ж. есеп	2005 ж. бағалау	2004 жылға шаққанда 2005 жылы %
1	Кірістер, барлығы соның ішінде:	5003,4	7111,0	8280,1	116,4
2	негізгі қызметтен түскен табыстар	4856,5	6456,4	7637,4	118,3
3	негізгі емес қызметтен түскен табыстар	4856,5	6456,4	7637,4	118,3
4	шығындар, барлығы соның ішінде:	146,9	654,6	642,7	98,2
5	көрсетілген қызметтің өзіндік құны	4851,7	6952,2	8107,7	116,6
6	кезеңнің шығындары	3141,7	4546,0	5813,9	127,9
7	негізгі емес қызметтен келген шығындар	1571,1	2143,8	2073,2	96,7
8	корпоративтік табыс салығы	26,5	32,3	59,7	184,8
9	төтенше жағдайлардан келген шығындар	1,3	0,0	0,0	0,0
10	Таза табыс (шығын)	151,7	158,8	172,3	108,5

2003 жылғы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша Қоғамның жиынтық табысы 2003 жылы 5003,4 млн. теңгені, ал 2004 жылы - 7111,0 млн. теңгені құрады, 2003 жылдың нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 42,1 % құрады. 2003 жылы жиынтық шығындар 2003 жылы 4851,1 млн. теңгені, 2004 жылы - 6952,2 млн. теңгені құрады, соның нәтижесінде Қоғамның 2004 жылы жоспарлаған таза пайда деңгейі 158,8 млн. теңгені құрады, 2003 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4,7% ж о ғ а р ы .

2005 жылы жиынтық кіріс 8280,1 млн. теңгені, жиынтық шығындар деңгейі 8107,7 млн. теңге, таза табыс - 172,3 млн. теңгеден 8,5 % немесе 13,5 млн. теңгеге ұлғаяды деп к ү т і л у д е .

Табыс құрылымындағы почта қызметтерін көрсетуден түсетін ең үлкен үлес

салмағы почталық қызметтерден шамамен - 56%, қаржылық және агенттік қызметтерден - 40%, өзге негізгі қызмет көрсетулерден - 4% табыс түседі деп күтілуде.

2005 жылы табыс құрылымында почта қызметтерін көрсетуден түсетін таза табыс сақталады: мерзімдік басылымдарды жеткізуден - 29,3%, жазбаша хат-хабарларды жеткізуден - 26,7%, сәлемдемелерді жеткізуден - 15,4%, арнайы байланыс қызмет көрсетулерінен - 13,7% құрайды. EMS-жөнелтімдерден 9,5%, өзге почта қызмет көрсетулерінен - 5,4% табыс түседі.

2005 жылы өткен жылғы деңгеймен салыстырғанда табыс жазбаша хат-хабарлар есебінен 5,8%; мерзімдік басылымдар есебінен - 13,9%; сәлемдемелер есебінен - 6,6 %; арнайы байланыс қызметтерінен - 6,3%; EMS-жөнелтімдері есебінен - 22,0% өседі деп күтілуде (3 - кесте).

3 - к е с т е

Почта қызметтері табыстарының динамикасы, млн. теңге

P/c N	Атауы	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл бағалау	2004 жылға шаққанда 2005 жылы %
1	Жазбаша хат-хабарлар	975,1	1079,4	1142,0	105,8
2	Мерзімді басылымдар	798,6	1099,2	1252,1	113,9
3	Сәлемдемелер	438,2	616,6	657,1	106,6
4	Арнайы байланыс қызметтері	439,6	549,3	583,8	106,3
5	EMS-жөнелтімдері	238,4	332,1	405,3	122,0
6	Басқа да почталық қызмет көрсетулер	166,8	206,1	230,1	111,6

2005 жылдың қорытындысы бойынша қаржы қызметтерін ұсынудан түскен табыстар құрылымы келесі түрде берілген: заңды тұлғаларға ақша төлеуден түскен табыстардың үлесі - 62,5%, ақша аударымдарынан 11,4%, коммуналдық және басқа да төлемдерден - 14,6%, басқа қызмет көрсетулерден - 11,5%.

2005 жылы негізгі емес қызметтерден түсетін табыстар 2004 жылдың деңгейінде сақталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 ақпандағы N 98 қаулысымен бекітілген, Қоғамның 2005-2006 жылдарға арналған Даму жоспарында жоспарланғанмен салыстырғанда 2004 жылы нақты несиелік берешек деңгейінің 23,1 % асуы жазылым науқанының, жалақы және зейнетақы көлемдерінің өсу салдарынан жеке тұлғалардың салған салымдарынан, сонымен қатар елдің ішіндегі аударым операцияларының нәтижесінде келер кезеңдердің табыстарын өсіруге әкелді.

4) "Қазпочта" акционерлік қоғам өткізетін, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясына (бұдан әрі - Стратегия), мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес өткізілетін іс-шаралар

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың анықтаушы ролін ескере отырып почта-жинақ қызметтерінің бәсекелестікке қабілеттігін арттыру және қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін, Қоғаммен келесі шаралар өткізілген болатын:

Ақпараттық технологиялар

Қазіргі кезде республиканың барлық аудандық және қалалық почталық байланыс тораптары компьютерлік техникамен жарақталды. 2005 жылы жерсеріктік терминалдар негізінде почта байланысын жаңғырту жобасының ұйымдастыру бойынша шаралар толық көлемде және Dialaw@у IP жерүсті жерсеріктік станциясын Қоғамның 196 бөлімшелерінде қондыру және ұшыру бойынша шаралар аяқталды, электронды почтаға арналған жоғары жылдамдықтағы арна жұмыс істейді. Қоғамның бірыңғай корпоративтік ақпараттық желісі салынды.

Сатып алынатын бағдарламалық қамсыздандыруға барлық лицензиялар алынды. Банктік қызмет, почталық қызмет, логистика, бюджетті басқару және бас кітапты қалыптастыру, құжат айналымы бойынша тексеріс, техникалық тапсырмалар дайындау және келісу жүргізілді. Қазіргі уақытта олар жүзеге асыру негізіне алынды және енгізуге тиісті модульдер жеткізу жүзеге асырылуда.

Клиенттер мен шоттар, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету бойынша жүйенің негізі және негізгі модульдер орнатылды. Сондай-ақ, ақпараттық ағынды толық бағалы бақылауға мүмкіндік беретін төлем жүйесінде жаңартылған версиясына көшу жүзеге асырылды және төлемдерді Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің ішінде және одан тыс жүргізуге аудиторлық бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

2004 жылдың маусым айынан бастап орталық аппаратта "Бағалы қағаздар", "Валюталық рынок", "Негізгі қаражаттар", "Әкімшілік-шаруашылық қызмет", "Персональ", "Шарттарды жүргізу", "Айырбастау пункті" атты модульдерді енгізу ұйымдастырылды. 2005 жылы оларды Қоғамның филиалдарында, оған қоса Астана филиалы "Астана почтамтында", Алматы филиалы "Алматы почтамтында" көбейту жүзеге асырылды. Сонымен қатар "Алматы қ. Почта тасымалдау бөлімшесі" филиалында жазба хат-хабарлар цехтарында "Сұрыптау орталығы", халықаралық тіркелетін жөнелтімдер бойынша EMS жөнелтімдерін өңдеу модулі енгізілді.

2005 жылдың бірінші жарты жылдығында "Негізгі қаражаттар", "Әкімшілік-шаруашылық қызмет" модульдері пысықталды. Қазіргі уақытта автоматты

байланыс KASE-ге қатысты "Бағалы қағаздар" модулі пайдаланылуда, яғни бағалы қағаздар бойынша күнбе-күн мәміле жасауға мүмкіндік береді.

"Депозиттер", "Халықтан төлемдер қабылдау", "Почталық аударымдар" сияқты міндеттерді атқаратын "Бөлшек сауда бизнесі" атты модульді тестілеу жұмысы аяқталуда.

Телекоммуникациялар

Қоғам қысқа тарату мерзімі мен ақпараттық қорғаудың жоғары дәрежесімен интегралдық қызметтер көрсетуге мүмкіндік беретін автоматты ақпараттық-технологиялық желісін құрды.

оларды шағын және орташа бизнестің бәсекелі ортасына беру үшін профильді емес функцияларын анықтауға

Қоғаммен көрсетілетін почталық, қаржылық және өзге қызметтері почта туралы заңнамамен және уәкілетті мемлекеттік органдармен берілген лицензиялармен бекітілген. Сондықтан Қоғаммен көрсетілетін қызмет түрлерінің ішінде профильді емес функциялар жоқ.

5) Дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспары, 2006 жылды атап көрсету

2006 жылы Қоғам қызметтерінің маңызды көрсеткіштері мыналар: Жоспарланып отырған жиынтық табыстарының деңгейі 9673,1 млн. теңгені құрайды, 2005 жылмен салыстырғанда 16%, почталық қызметтерден табыстардың өсуі нәтижесінде 11,9%, қаржылық қызметтерден - 21,6% жоғары. 9483,0 млн. теңге сомасында жиынтық шығындары жоспарланып отыр, 2005 жылмен салыстырғанда 16% өсуіне байланысты. Таза табыс 190,1 млн. теңгені құрайды, бұл 2005 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 10,3% артық.

Мақсаттары мен міндеттері

Қоғамның қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін почта-жинақ қызметтері рыногында осы Жоспарда жақын болашаққа негізгі мақсат пен міндеттер анықталды.

Қоғамның алдағы үш жылға қойған мақсаты болып жоғары сапалы деңгейде ұсынылатын, почта-жинақ қызметтеріне еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету мүмкіндігі бар, аймақтық инфрақұрылымды дамыту табылады.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:
қоғамның материалдық-техникалық базасын жаңғырту және жаңаша технологияларды енгізу;
почта-жинақ қызметтерін көрсету сапасын көтеру;

көрсетілетін қызмет спектрін кеңейту және жаңаша банктік өнімдер мен Интернет-бағдарлы қызметтерді енгізу үшін технологиялық базаны құру; почта-жинақ қызметтерін дамыту үшін қаржы механизмдерін қалыптастыру; жаңаша басқару технологияларын енгізу.

Осыған байланысты 2006 жылы негізгі мақсат почталық байланыс бөлімшелерін оларды күрделі жайластыру арқылы бөлшек сауда желілерін жетілдіруге, техникалық бекемдеуге және почталық, компьютерлік және банктік құрал-жабдықтармен ж а р а қ т а у ғ а б а ғ ы т т а л д ы .

Осыған байланысты мынадай міндеттерді шешу жоспарланды:

Қалалық, аудандық және ауылдық деңгейлерде аймақтық желілерді дамытуға қ а р ж ы к ө з д е р і н ж ұ м ы л д ы р у ;

Жаңадан жайластырған почталық байланыс бөлімшелерінде көрсетілетін қызмет т ү р л е р і н к е ң е й т у ;

Почталық-жинақ қызметтерін көрсету сапасын көтеру.

Шетелдік ұйымдармен және почталық әкімшіліктермен халықаралық бірлестік саласында Қоғаммен бірыңғай почта аумағын сақтау және дамыту, сала қызметкерлерін оқыту үшін Әлемдік почта ұйымының органдарымен, аймақтық почта ұйымдарымен, шетелдік почта әкімшіліктерімен ынтымақтастықты дамыту, сонымен қатар почта жөнелтілімдерін жөнелтудің бақылау мерзімдерін сақтау жұмыстарын жүргізу жалғастырылатын болады.

Сондай-ақ, міндетте "Жедел аударымдар" тестіленді және "Лездік аударымдар" атты көмекші міндет қабылданды, таяуда Алматы-Астана бағытында жіберу жоспарланып отыр.

Алға қойған міндеттерге жету жолдарын таңдау

Жаңғыртуды жүзеге асыру және материалдық-техникалық базаны жаңарту, жаңаша басқару технологияларын енгізу үшін 2006-2008 жылдарда Қоғам инвестицияларды күрделі және ақпараттық-техникалық жайластыру деңгейі бойынша сапалы негізде почта-жинақ қызметтерінің стандартты тізілімін беруге мүмкіндік беретін, аймақтық инфрақұрылымды дамытуға бағыттауды жоспарлап отыр.

Почта байланысын пайдалану көрсеткіштерін жақсартуға, оған қоса өңірлік желілер мен магистральдық маршруттарды оңтайландыруды қарастыратын, почта жөнелтімдерін жеткізу жиілігі мен мерзімдерін өсіруге бағытталған іс-шаралардың а р т ы қ ш ы л ы ғ ы а н ы қ т а л д ы .

Алға қойған мақсаттарға жетістікпен жету үшін жақын болашақта көрсетілетін қызметтер спектрінің кеңеюіне, олардың жаңа түрлерін енгізуге, сонымен қатар:

EMS Kazpost курьерлік қызметін дамыту және халықаралық почта саласында әлемнің ірі почта әкімшіліктерімен ынтымақтастық;

тапсырыстар бойынша сәлемдемелік сауда жүйесінің шеңберінде сервистік қызметтерді ұсына отырып "Почтамен-Тауарлар" каталогтары арқылы, сонымен қатар Интернет арқылы почталық сауданы ұйымдастыру және дамыту;
халықтың тұрғын үй құрылыс жинақтарын тарту және тұтынушылық несиелер беру жөніндегі агенттік қызметтерді дамыту;
трансфер-агенттік қызметтер ұсыну;
шарттарды бекітуге салымшыларды тарту және зейнетақы жинақтары туралы хабарламаларды жеткізу бойынша зейнетақы қорларына агенттік қызметтер көрсету
а я с ы н к е ң е й т у ;

2006 жылы өзіне меншікті банкоматтар желілері мен POS-терминалдар базасында почталық төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсету жаңа, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар үшін құнды қағаздар бойынша мәмілелерді тіркеу пункттерін ашу арқылы трансфер-агенттік қызметтерді дамыту сияқты жоғары технологиялық қызметтерді өсіруге ерекше назар аударылатын болады.

"Қазпочта" акционерлік қоғам жоспарлаған Стратегияны, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар

Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуына жәрдемдесу үшін Қоғаммен 2006-2008 жылдарда бірыңғай ақпараттық кеңістікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін және технологиялық дамудың базалық платформасы ретінде қызмет ететін технологиялық процестерді жаңғырту және автоматтандыру процесін жалғастыру жоспарланып отыр. Негізгі іс-шаралар ретінде мыналар анықталды:

корпоративтік ақпараттық жүйені енгізуді аяқтау;
Қоғамның почталық байланыс бөлімшелерінің бөлшек сауда желілерін жетілдіру;
Қоғамның материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды жүзеге асыру;
жоғары технологиялық қызметтерді енгізу үшін техникалық және әдістемелік
н е г і з д е р к ұ р у .

Селолық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жетістікпен іске асыру мақсатында Қоғаммен жаңаша жабдықтарды енгізу және өндірістік технологияларды жаңарту жоспарланып отыр, бұл қала мен ауыл арасындағы әлеуметті маңызды қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету деңгейі бойынша айырмашылықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Банктік қызметтердің, әсіресе селолық жерлерде тұратын халыққа еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында, Қоғам қаржылық қызметтердің барлық спектрін, несиелеуді қоса отырып жүзеге асыруға кеңейтілген банктік лицензия алу үшін жұмыс жүргізетін болады. Сонымен қатар салымдық өнімдерді несиелік және сақтандырумен қосу арқылы депозиттік қызмет ассортиментін кеңейту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, банктік ресурстар мен қызметтерге, сонымен қатар билік органдарымен әртүрлі

деңгейлерде құрылатын, халықты шағын несиелеу қорларына және шағын бизнес субъектілеріне қосу арқылы агенттік қызметтер саласында Қоғамның қызметін белсендіру жоспарланады.

Ұлттық банкаралық төлем карточкалары жүйесін дамытудың мемлекеттік Бағдарламасы шеңберінде Қоғам микропроцессорлық карточкаларды шығаруды жүзеге асыруды және олардың базасында есеп айырысудың бірыңғай қолма-қол ақшасыз бөлшек төлем жүйесін құруды жоспарлап отыр. 2005 жылы қалалық жерлерде орнатылған 42 банкомат және 1526 POS-терминал базасында аудандар мен ірі селолар деңгейінде микропроцессорлық карточкалар шығару арқылы ақшалай төлеу жүйесі қызмет көрсете бастады. 2006 жылы банкоматтар мен POS-терминалдар желілерінің базасында бөлшек банк қызметтерін қолма-қол ақшасыз төлеу механизмі енгізілетін болады. Бұл жалақы, зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу механизмін жетілдіруге, коммуналдық төлемдерді жинау, көлік және байланыс қызметтерін төлеу процесін оңтайландыруға; қолма-қол ақшаның эмиссиясына шығындардың қысқаруына әкелетін бюджеттік (салықтық, кедендік) және басқа да міндетті жиындарды қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асыруға жол ашады. "Электронды үкімет" құру жөніндегі мемлекеттік жобаны іске асыру үшін жаңаша телекоммуникациялық және ақпараттық технологияларды енгізу жолымен Қоғамның аймақтық желісін жетілдіру жоспарланып отыр. Почталық байланыс бөлімшелерінің бөлшек сауда желілері арқылы "электронды үкімет" жүйесіне қол жеткізу құқықтық-кеңес беру қызметінің деңгейінде халық пен мемлекеттік органдардың адрестік өзара қарым-қатынасымен қатар олардың төлемін де қамтамасыз ететін, ақпараттық арнаның жұмыс істеуін болжамдайды. Мысалы, ең алдымен халықтың ақпараттық ресурстарға және оларға виртуальды қызмет көрсету арқылы министрліктер мен ведомстволардың қызметтеріне қол жеткізуді болжамдайды, яғни бұл әр автоматтандырылған почталық байланыс бөлімшелерінде мемлекетпен көрсетілетін, әлеуметтік маңызы зор қызметкерге уақтылы қол жеткізуді жөнге келтіруге мүмкіндік туғызады.

Ұлттық бағалы қағаздар рыногының техникалық инфрақұрылымын дамыту және оларды халыққа таратуға көмектесу үшін Қоғамның аймақтық желісінің базасында трансфер-агенттік қызметті дамыту бойынша шаралар өткізіледі. Бұл сұлба тұрғындардың ақша қаражаттарын нақты субъектілер мен дамыту бағдарламаларын қаржыландыруға тартуға мүмкіндік береді. Клиенттерді тарту мен бекітуге, ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастық жүйесінің құрылуына алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдану, клиенттің қаржысын сенімді басқару, қаржы рыноктарында жеке операцияларды қолдау бағдарламаларын дамытуға ықпалын тигізеді. Қоғамның бөлімшелерінің кең желісі негізінде Қазақстанның қалалары мен аудандарында бағалы қағаздар рыногында әрекет ететін әртүрлі қаржы институттары және олардың клиенттері арасында құжаттарды қабылдап-тапсыруды жүзеге асыратын пункттер, сондай-ақ жеке тұлғаларға бағалы қағаздармен жекеменшік құқықтарын

P/c N	Көрсеткіштің атауы	2004 жылғы есеп	2005 жылғы бағалау	2006 жылға болжам	2007 жылға болжам	2008 жылға болжам	2005 жылға шаққанда 2008 ж. %
1	Табыс	7111,0	8280,1	9673,1	10619,7	11773,8	142,2
2	Шығын оның ішінде	6952,2	8107,7	9483,0	10389,7	11473,7	141,5
2.1	өндірістік өзіндік құн	4546,0	5813,9	6855,1	7478,0	8220,7	141,4
3	Салық салынатын табыс	191,1	232,0	251,1	305,9	386,5	166,6
4	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	32,3	59,7	61,0	75,9	86,4	144,8
5	Таза табыс (шығын)	151,7	169,0	172,3	174,2	175,7	115,8

Кірістің өсуін тұтынушылар тарапынан почта-жинақ қызметтеріне сұранымды өсіру, сондай-ақ әлеуметтік маңызды қызметтер бойынша тарифтік ставкаларды (комиссиялық сыйақыны) олардың қолжетімділігін сақтай отырып, нақты шығындар деңгейіне дейін теңестіруді көздейтін оңтайлы баға құру стратегиясын қалыптастыру арқылы қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

2006-2008 жылдарға Қоғамның шығындарын қалыптастыру кезінде жыл сайынғы қызметкерлердің жалақы мөлшерін өсіру, сондай-ақ инвестициялар тарту нәтижесінде амортизациялық аударымдарды және негізгі құралдарға қызмет көрсетулерге шығындарды өсіру, ғимараттарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

2006 жылы негізгі қызметтен сомасы 8916,0 млн. теңгеге, ал негізгі емес қызметтен сомасы 757,1 млн. теңгеге табыс алу жоспарланып отыр. Бұл ретте өндірістік шығындар (көрсетілген қызметтің өзіндік құны) 5183,3 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:

материалдар - 561,8 млн. теңге;
қызметкерлерге еңбекақы төлеу (өндірістік персонал) - 3891,9 млн. теңге;
еңбекақы төлеуден түскен аударымдар - 572,1 млн. теңге;
үстеме шығындар - 1247,2 млн. теңге;
басқа шығындар - 582,2 млн. теңге.
Кезең шығындары - 2384,1 млн. теңге.

Негізгі емес қызметпен байланысты шығындар - 182,8 млн. теңге. 2006 жылы таза табыс өсімі алдыңғы жылмен салыстырғанда 10,3%, 2007 жылы - 21,0% көлемінде жоспарланып отыр. Қоғамның жарғылық капиталын толтыруға арналған республикалық бюджет қаражатының игерілуі аяқталуы бойынша 2007 жылмен салыстырғанда таза табыс 2008 жылы 30,5% өсіп, 300,1 млн. теңгені құрайды.

Күрделі салымдардың көлемі

Қоғам күрделі салымдарды мынадай мақсаттарға жұмсауды жоспарлап отыр:

б - к е с т е

2006-2008 жылдарға күрделі салымдардың жоспары (млрд.теңге)

P/c N	Пайдалану бағыттары	Барлығы	оның ішінде жылдар бойынша		
			2006	2007	2008
1	ҚР почта байланысын жаңғырту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру	0,49	0,49		
2	ҚР почта-жинақ жүйесін дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы	3,26	0,90	2,36	
	оның ішінде:				
	ауылдық жерде инфрақұрылымды дамыту	0,40	0,40		
	қалаларда инфрақұрылымды дамыту	1,59	0,5	0,50	1,09
	магистральдық тасымалдау жүйесін жетілдіру	0,92		0,92	
	почта-жинақ қызметтерін дамыту	0,35		0,35	
3	Почта-жинақ қызмет көрсетулерін дамыту	1,09	0,31	0,33	0,45
	Жиыны:	4,84	1,70	2,69	0,45

Қоғамның ең аз қажетті инфрақұрылымын қайта жаңғырту үшін: объектілерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және кассалық тораптарды техникалық нығайту;

автокөлік парктерін және почта вагондарын жаңарту;
почта байланыс бөлімшелері үшін ғимараттар салу және сатып алу;
компьютерлік жабдықтар сатып алу;
почталық байланыс бөлімшелерін жиһазбен жабдықтау;
кассалық техникалар мен банк жабдықтарын сатып алу;
автоматты өрт сөндіру жүйесін сатып алу және орнату.

Өзіндік құнның құрылымы

Көрсетілген қызметтің өзіндік құн (7 кесте) құрылымында үлкен үлесті 2006 жылы тікелей өндірістік шығындар (шамамен 73,3 %) құрайды. Өндірістік үстеме шығындар 18,2% жоғары, негізгі қызмет көрсетулер бойынша басқа да қызметтер - 8,5% құрайды.

2005 жылы көрсетілетін қызметтердің өзіндік құндарының өсуі 2004 жылмен салыстырғанда көбінесе жалақының төмен болуынан және пайдалану материалдарын тұтынудың өсу салдарынан болып отыр.

2008 жылы көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны 2006-2008 жылдары жаңадан сатып алынатын жабдықтарға амортизациялық аударымдардың өсуі, дұрыс жағдайда

сатып алынатын негізгі құралдарды күтуге жұмсалатын шығындардың өсуі нәтижесінде, 2005 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 2406,8 млн. теңгеге (немесе 41,4%) өседі.

7 - к е с т е

Көрсетілген қызметтің өзіндік құнының құрылымы
(млн.теңге)

P/c N	Баптардың атауы	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
1	Көрсетілген қызметтің өзіндік құны Б а р л ы ғ ы : оның ішінде:	4546,0	5813,9	6855,1	7478,0	8220,7
1.1	тікелей шығындар	3082,3	4336,2	5025,8	5590,1	6274,9
1.2	үстеме шығындар	895,1	991,0	1247,2	1297,0	1336,0
1.3	негізгі қызметтер бойынша басқа да шығындар	568,6	486,7	582,1	590,9	609,8

Қоршаған ортаны қорғау және еңбектің қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі іс-шаралар

Қоғам жүргізіп отырған қоршаған ортаны қорғауға бағытталған саясат мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды қарастырады: технологиялық құрал-жабдықтарды жаңарту, техникалық жағынан оңдалған көлік құралдарын пайдалану, сүзбелер мен катализаторлар орнату. Пайдаланымдағы технологиялардың, жабдықтардың және автокөлік құралдарының қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайту бекітілген экологиялық стандарттарды сақтауға мүмкіндік береді.

Қоғам дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайларынан тұратын қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды ұйымдастыратын механизмді құруға, апаттар мен жарақаттардан уақтылы сақтандыруға, сонымен қатар мамандарды еңбек қорғау ережелері мен нормаларына үйретуге, өндірісте еңбекке жарамдылықты жоғалтқан жағдайда келтірілген залалды өтеуге ерекше назар аударады.

2006-2008 жылдары Қоғамның жұмысшы персоналы мен өндірістік объектілерінің кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы киімдермен, аяқ киіммен, жеке қорғаныс құралдарымен және қауіпсіздіктің техникалық құралдарымен жабдықтау, оған қоса сигнализация жүйесімен, өртке қарсы қауіпсіздік құралдары мен керек-жарақтары, автоматты түрде өрт сөндіру, сондай-ақ, қауіпсіздік, еңбекті қорғау ережелерін және басқа құралдарды насихаттау мақсатында көрнекі үгіт материалдарын

с а т ы п а л у ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1995 жылғы 17 тамыздағы N 94 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк мекемелерінің және екінші деңгейлі банктердің ғимараттарында касса тораптарын жобалауға және орнатуға байланысты техникалық талаптар туралы Нұсқауға және Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігінің 1994 жылғы 28 маусымдағы N 7 Күзетілетін объектілерді техникалық нығайту және сигнализация орнату жөніндегі бірыңғай талаптарға сәйкес Қоғамның касса тораптарын техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөнінде негізгі бағыттар анықталған. 2001-2005 жылдары 1125 объекті техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі құралдарымен жабдықталды. 2006 жылы Қоғамның 11 филиалын автоматты өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау жоспарланып отыр.

Бағалық және тарифтік саясат және оның негіздемесі

Қоғамның тарифтік саясаты Қоғамның қолайлы тиімділік деңгейін қамтамасыз ететін және рыноктың аймақтық ерекшеліктерін, клиенттердің типтерін, қызметтер мен өнімдердің түрлерін ескеретін баға белгілеудің оңтайлы стратегиясын құруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 16-ОД бұйрығымен Қоғам жалпы қолжетерлік почталық байланыс қызметтері бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тізімінің Республикалық бөліміне енгізілді. Осыған орай, аталмыш Агенттік жалпы қолжетерлік почталық байланыс қызметтері бойынша Қоғам қызметіне бақылау және реттеу жұмыстарын жүргізетін уәкілетті орган болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі "Табиғи монополиялар туралы" Заңының 7-бабы 7-1) тармақшасына сәйкес ТМРА 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 265-ОД бұйрығымен бекітілген, жалпы қолжетерлік почта қызметін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерімен табыстарды, шығындарды және тартылған активтерді бөлектеп есеп жүргізу Ережелеріне сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша табыстарды, шығындарды және тартылған активтерді бөлектеп есеп жүргізу әдістемесін дайындау жоспарланып отыр.

Қызмет көрсетулер түрі бойынша шығындарды бөлектеп есептеу әдістемесін енгізу мақсаты болып:

шаруашылық қызметін тиімді жүргізу, тарифтердің әрі қарай есеп-қисабы және басқармалық шешімдер қабылдау үшін қызмет көрсетулердің нақты өзіндік құнын есептеу;

бір қызмет көрсетулерді екінші қызмет көрсетулер есебінен көлденең

қаржыландыру мүмкіндігін жою;
реттеу мақсаттарында шығындарды тіркеудің айқын жүйесі.

Бұл әдістеме қызмет көрсетулерді техникалық және сапа нормаларын сақтай отырып, ең аз көлемді шығындармен жүзеге асыруға, барлық операциялық шығындармен технологиялық құрал-жабдықтарды тиімді пайдаланумен байланысты шығындарды жабуға мүмкіндік береді.

Қажетті тиімділік нормасымен қамтамасыз ету үшін тартылған активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесін есептеу жүзеге асырылатын болады.

Осылайша, 2006-2008 жылдары Қоғамның қызметі макро- және микроэкономикалық индикаторлардың ықпалын ескере отырып экономикалық негізделген әдістер базасында икемді тарифтік реттеу механизмін енгізу жөнінде жұмыс жалғастырылатын болады.

Әлеуметтік саланы дамыту

Қоғаммен әлеуметтік сфераны дамыту үшін Қоғам қызметкерлері мен почта саласының ардагерлеріне материалдық көмек көрсету жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Қоғам қызметкерлеріне арналған мерекелік және спорттық іс-шаралар өткізу үшін ақшалай қаражаттар бөлу, емделуге және демалуға қажет жолдама ақысын төлеу қарастырылуда. "Қазпочта" АҚ мен "Қазақстан Байланыс қызметкерлерінің кәсіподағы" Республикалық Қоғамдық Бірлестік арасында 29.12.2004 жылғы Ұжымдық шартқа сәйкес өмірлік әр түрлі ауыр жағдайларда Қоғамның қызметкерлеріне әлеуметтік көмек көрсету қарастырылған. Сонымен қатар Қоғам қызметкерлерінің балаларына пионер лагерлеріне жеңілдікпен жолдамалар және жаңа жылдық сыйлықтар беріледі.

Сондай-ақ Қоғамның еңбек ардагерлеріне және әлеуметтік сферадағы коммерциялық емес ұйымдарға қайырымдылық көмек көрсетілетін болады.

Почта-жинақ жүйесінің инфрақұрылымына тарту арқылы мемлекеттің басымдылықтарын жүзеге асыруға бағытталған Қоғамның маңызды міндеттерін шешу жөнінде мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас жасау процесін жеделдету мақсатында 2006 жылы Қоғамның орталық аппаратының бөлігін Астана қаласына көшіру болжамдалып отыр. Осыған орай басшылық етуші қызметкерлерге тұрғын сатып алу үшін қайтарымдылық және мерзімділік шартымен Қоғамның айналым капиталына несие беріледі.

Кадрлық саясат

Төлем карточкаларына қызмет көрсету, трансфер-агенттік қызметі, тұтынушылық несиелендіру бойынша агенттік қызмет көрсетулер және Интернет желісіне

қолжетімділікті ұсыну сияқты қызмет көрсету түрлерін ары қарай дамыту барлық ПБҚТ пен ПБАТ-тағы штат операторларын 2-3 бірлікке, сондай-ақ, ірі почталық бөлімдерде - 1-2 бірлікке көбеюін көздейді. Бұған қоса, 2007-2008 жылдары барлық филиалдарды Қоғамның корпоративтік ақпараттық жүйесіне қосуды аяқтау жоспарланып отыр, бұл ІТ бөлімшелерін почталық байланыстың барлық тораптарында Қоғамның бағдарламалық қамтамасыз етуге ілесіп жүру және ақпараттық-коммуникациялық желісі бойынша мамандармен күшейтуді талап етеді.

Осылайша, Қоғам қызметкерлері жалпы санының өсуі 2006-2008 жылдары 1385 бірлікті құрайды, оның ішінде 2006 жылы - 450 бірлікті, 2007 жылы - 460 бірлікті, 2008 - 475 бірлікті.

Қоғам бөлімдерінде көрсетілетін почталық, сондай-ақ қаржылық қызмет көрсетулерін қоса алғанда, қызмет көрсетулер шеңберінің кеңеюін ескере отырып, автоматты басқару жүйесі және мәліметтер өңдеуді меңгеруін қоса есептегенде, персоналдың біліктілігін арттыруды қажет етеді. Сондықтан салалық Тренинг-орталықтарының желілері базасында персоналды оқытудың барлық түрлерін дамыту, оған қоса семинарға қатысу, шетел почта әкімшіліктерінде тәжірибе алу, халықаралық, және аймақтық конференцияларға қатысу, филиалдардың қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату Қоғамның кадрлық саясатының негізгі бағыты болып табылады.

"Қазпочта" АҚ қызметкерлерін оқыту және біліктілігін жоғарылатуға байланысты ішкі Бағдарламаға сәйкес 2006-2010 жылдары жоспарланып отыр:

- 1) интерактивті әдістемелер базасында модульдік оқыту бағдарламаларын енгізу;
- 2) 2006 жылы барлық облыстық филиалдарда оқыту кластарын ашу;
- 3) 2006 жылдан бастап оқыту порталын қолдану арқылы кезеңмен қашықтық оқытуды енгізу.

Компанияның кадрлық саясаты мотивация жүйесін дамытуға және Қоғам қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталады.

Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынасы, оның ішінде болжамдалған түсімдер

01.01.2005 жылғы жағдай бойынша 128,3 млн. теңге сомасында жылдың қорытындылары бойынша таза табыс қаражатынан құралған резервті қаржы құралды. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 7-п бұйрығымен бекітілген, Қоғамның Жарғысына сәйкес резервті қаржы көлемі Қоғамның жарғылық капиталының сомасынан 5% шегінде бекітілді.

Жарғылық капитал республикалық бюджет қаражатының есебінен толықтырылатындығын ескере отырып 2006-2008 жылдардағы кезеңнің таза табысы ең

алдымен резервтік капиталдың талап етілетін көлемін қамтамасыз етуге бағытталатын
б о л а д ы .

Өйткені 2005 жылы қалыптастырылған капитал 2006 жылға Қоғамның жоспарланып отырған жарғылық капиталын толықтыруды жабады, ал 2005 жылдың қорытындылары бойынша 39,5 млн. теңге сомасында бөлінбеген табыс бойынша шетелдік және отандық инвесторлардың қатысуымен құрылатын үш бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталына инвестиция түрінде бағыттау жобаланып отыр.

Бірінші, бірлескен кәсіпорын кешенді инфо-логистикалық, оған қоса шоттар-хабарламалар, жарнамалық проспектілер басып шығару және айырбастау, электрондық шоттарды жүргізу (электрондық қызметтер) және Қазақстан рыногында жоғары талап етілген директ маркетинг сияқты қызметтер көрсету мақсатында эстон және ағылшын компаниялардың қатысуымен құрылатын болады. Осыған орай құрылатын кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастыруға сомасы 4,5 млн. теңге қ а р а ж а т б а ғ ы т т а л а т ы н б о л а д ы .

Қазіргі тасымалдау-логистикалық базаны қолданатын баспа өнімдерін таратуға байланысты киоскілердің бірыңғай республикалық бөлшек сауда желілерін құру екінші бірлескен кәсіпорынның мақсаты болмақ. Қоғамның осы кәсіпорынға қатысуы сомасы 22,0 мың теңге сомасында бастапқы жарна енгізуді болжайды.

